№9(55), 13.11.2026



95

Білім таусылмайтын байлық

Знание - капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

БҰЛ ШЫҒАРЫЛЫМ МАНАШ ҚОЗЫБАЕВТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

ТҰЛҒАТАНУ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

немесе бір кітап төңірегіндегі толғаныс

Қазақ тарих ғылымының көрнекті өкілі, академик Манаш Қозыбаевтың шығармашылық мұрасы ғылыми зерттеулермен ғана шектелмейді. Оның қаламгерлік болмысының айрықша қыры – тарихи тұлғалардың кескін-келбетін көркем де тағылымды тілмен сомдаған очерктері. Ғалымның әр жылдары мерзімді басылымдарда жарық көрген, ғылыми-танымдық жиындарда баяндама ретінде оқылған мақалалары мен толғаныстары топтастырылған «Тұлғалар тұғыры» жинағы – осы бағыттағы іргелі еңбектерінің бірі.

Кітапты оқи отырып, қазақ даласының сан ғасырлық тарихын тұлғалар тағдыры арқылы танимыз. Автор ежелгі және ортағасырлық кезеңнен бастап XX ғасыр мен тәуелсіздік дәуіріне дейінгі ел тарихын жасаған қайраткерлердің болмысын жан-жақты ашады. Сондықтан бұл жинақты жекелеген адамдар туралы очерктер жиынтығы ғана емес, ұлттың тарихи жадын жаңғыртқан тұлғатану энциклопедиясы деп бағалауға болады.

Манаш Қозыбаев үшін тұлға – тұтас дәуірдің, халықтың арман-мұраты мен тарихи тағдырының айнасы. Ғалымның публицистикалық әдісінің басты ерекшелігі де осында: ол жеке адамның өмір жолын баяндау арқылы ұлттың жүріп өткен жолын көрсетеді.

Автор тарихи тұлғаларды аңызға айналған көмескі бейне күйінде қалдырмай, нақты деректермен сөйлетеді. Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали би Қосымұлы, Жалаңтөс баһадүр, Абылай хан, Бұқар жырау, Қожаберген жырау, Шақшақ Жәнібек, Жәуке батыр, Сырым Датұлы, Исатай мен Махамбет, Қарасай батыр, Шоқан Уәлиханов пен Абай Құнанбайұлы туралы еңбектерден олардың тарихи қызметімен қатар азаматтық келбетін де танимыз.

Мұндағы әрбір тұлға – белгілі бір кезеңнің өкілі. Олардың күресі мен жеңісі, арманы мен өкініші, ел алдындағы еңбегі арқылы қазақ халқының азаттыққа, бірлікке және рухани тұтастыққа ұмтылған ұзақ жолы көрінеді.

Жинақтағы «Замана перзенттері» тарауы XX ғасырдағы Алаш қайраткерлері мен кеңестік кезеңдегі қазақ зиялыларына арналған. Автор Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Смағұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев сынды ұлт қайраткерлерінің тарихи еңбегіне жаңаша баға береді.

Сонымен бірге Әлкей Марғұлан, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Омаров, Нұртас Оңдасынов, Мәлік Ғабдуллин, Дінмұхамед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев, Ілияс Есенберлин, Қалтай Мұхамеджанов, Шыңғыс Айтматов, Сәкен Бәйішев, Темірбай Дарқанбаев, Ермұхан Бекмаханов, Мұхаметжан Қаратаев, Әбіш Кекілбаев, Нұрғиса Тілендиев және басқа да көрнекті тұлғалардың ел өміріндегі орны айқындалады.

Бұл тараудағы әрбір очерк – портреттік публицистиканың көрнекті үлгісі. Манаш Қозыбаев кейіпкерлерінің туған жылы мен атқарған қызметтерін тізбелеп, құрғақ өмірбаян ұсынумен шектелмейді. Ол олардың мінезін, азаматтық ұстанымын, ел алдындағы еңбегін жүрекке жақын теңеулермен және әсерлі баяндаумен ашады. Ғалымның кейіпкерге деген құрметі әр жолдан сезіліп тұрғанымен, тарихи шындық пен ғылыми әділдік алдыңғы орында қалады.

Манаш Қозыбаев Алаш қайраткерлері мен қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялылары туралы ақиқатты алғашқылардың бірі болып батыл жазды. Ол оларды «ұлт перзенті», «халқының еркесі, көш бастар серкесі» деп бағалап, кеңестік идеология көлеңкесінде қалған есімдерді халықтың тарихи санасына қайтаруға үлес қосты.

«Дүние-дүрмек өткінші» тарауында тұлғалар қызметі кең тарихи және саяси аяда қарастырылады. «Ермак: аңыз және ақиқат», «Сталин және Қазақстан», «Голощекин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» атты еңбектерінде автор олардың Қазақстан тарихына тигізген ықпалын нақты деректер негізінде талдайды.

Бұл очерктердің құндылығы – автордың тарихи тұлғаны тек мадақтау немесе біржақты қаралау жолына түспеуінде. Ол билік басында болған қайраткерлердің шешімдерін ел тағдырымен сабақтастырып, олардың саясаты қандай әлеуметтік, экономикалық және рухани салдарға әкелгенін көрсетеді.



Әсіресе халқымызға алапат қасірет әкелген саяси науқандар мен өктем шешімдердің себеп-салдарын түсіндіруде ғалымның азаматтық үні анық естіледі. Манаш Қозыбаев жеке тұлғаның тарихқа жасаған жағымды ықпалын ғана емес, теріс әрекеттерін де ғылыми-публицистикалық тұрғыдан саралайды. Осы арқылы оқырманды өткеннен сабақ алуға, билік пен тұлға жауапкершілігінің салмағын терең түсінуге жетелейді.

Манаш Қозыбаев ғылыми ойдың биігінде тұрған тарихшы ғана емес, ақын жүректі, досқа адал, азаматтық қарым-қатынасты жоғары бағалаған жан еді. Оның арнау өлеңдері – белгілі бір тұлғаға берілген баға және достық, адалдық, адамгершілік туралы толғаныстар.

Иманғали Нұрғалиұлына арнаған өлеңінде ол аға мен іні арасындағы сыйластықты былай бейнелейді:

Ағалық жақсы екен інің болса,
Інінің мәрттігіне көңілі толса.
Қамалды бірге бұзып бауырлары,
Көңілдің жайлауында бірге қонса...
Айналайын, барысым!
Інісі жолын ұстап ізет етсе,
Ағасы әрқашанда сертке жетсе.
Шіркін-ай, гармония аясында,
Аға мен інілердің өмірі өтсе!

Осы жолдарда қазақ отбасына тән бауырмалдықтың терең философиясы жатыр. Манаш Қозыбаев үшін отбасыдағы татулық – ұлт бірлігінің шағын үлгісі. Аға сертіне берік, іні ізетті болса тұтас ел ұйысады.

Академик Камал Ормантаевқа арналған өлеңінде автор дәрігер-ғалымды батырға, Эверест шыңын бағындырған алыпқа теңейді. Қолына скальпель ұстап, ажалмен арпалысқан дәрігер – оның танымындағы нағыз азамат. Бұл жерде де ғалымның тұлғаны бағалау өлшемі анық көрінеді: адамның биіктігі лауазымымен емес, халыққа жасаған қызметі және ар тазалығымен өлшенеді.

Ал Камал Смайыловқа арналған толғауында адам ғұмырының өткіншілігі мен азаматтың ел алдындағы жауапкершілігі философиялық оймен өріледі:

Жалған дүние, неге жылдам ағасың,
Сонша зырлап, қайда асығып барасың?
...Ұлытаудың басы жар,
Алатаудың басы қар.
Кеше едім Камал сал,
Бүгін болдым кебеже шал.
Иә, жалған, өткенге біз қарайық,
Не бердің сен, не бердік біз – санайық.
Әділ қазы көкте – Құдай, жердегі –
Осы отырған қалың қауым, халайық.

Адам ғұмыры қысқа, дүние өткінші. Ал адамның артында қалатыны – атқарған ісі мен халқына бергені. Автор бір адамның бейнесі арқылы өмірдің мәні туралы терең толғанысын алға тартады. Ұлытау мен Алатаудың мәңгілігіне адам жасын қарсы қоюы – қазақы дүниетанымға тән көркем әрі философиялық салыстыру.

Осы тұрғыдан алғанда, Манаш Қозыбаевтың өлеңдері – оның публицистикасының заңды жалғасы. Ғылыми мақалаларында дерек пен дәлелге жүгінген тарихшы жүрек түкпіріндегі сырын өлеңмен жеткізеді. Оның негізгі ойы бір арнаға тоғысады: тұлға болу – атақ алу емес, елдің есінде қалу. Ал ел есінде қалу үшін адал дос, ізетті іні, сертке берік аға, ары таза азамат болу қажет.

Жинақта 130-дан астам тұлғаның өмірі мен қызметі қамтылған. Осы мол мұрадан Манаш Қозыбаев публицистикасына тән үш басты ерекшелікті көреміз.



Біріншіден, тарихшының мақалалары архив деректеріне, құжаттар мен ғылыми тұжырымдарға негізделгенімен, көркем әрі тебіреніске толы тілмен жазылған. Сондықтан оның очерктері ғылым мен әдебиеттің арасын жалғаған ғылыми-көпшілік публицистиканың озық үлгісі саналады. Екіншіден, ғалым ұлттық тарихтың бұрмаланған және жабық күйде қалған беттерін ашуға ұмтылды. Алаш қайраткерлері мен қуғындалған зиялылардың халық алдындағы еңбегін әділ бағалап, тарихи сананы жаңғыртуға жол салды. Үшіншіден, Манаш Қозыбаев үшін тұлғаны бағалаудың ең басты өлшемі – Отанға адалдық. Қай кезеңнің өкілі болса да, ол кейіпкерін халқына сіңірген еңбегі, азаматтық жауапкершілігі және ар алдындағы тазалығы тұрғысынан таразылайды.

Кітаптың «Тәуелсіздік жолы – үміт жолы» атты қорытындымен аяқталуы да тегін емес. Жинақтағы сан алуан тұлғалардың тағдыры, арман-мұраты мен күресі түптеп келгенде азаттық идеясына келіп тоғысады. Олар аңсаған ұлттық дербестік пен рухани еркіндік тәуелсіз Қазақстанның тарихи негізіне айналды.

«Тұлғалар тұғыры» – ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі қазақ тарихын тұлғалар галереясы арқылы танытқан тұтас тарихи-публицистикалық туынды. Бұл кітапта тарих сөйлейді, ал тарихтың үнін біз ұлтқа қызмет еткен азаматтардың тағдыры арқылы естиміз.

Манаш Қозыбаев өткенді баяндап қана қоймайды. Ол оқырманды тарихпен тілдесуге, тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуге шақырады. Ғалым сомдаған бейнелердің бірі – елге қорған болған батыр, екіншісі – ұлт санасын оятқан ағартушы, үшіншісі – ғылымға жол ашқан зерттеуші, төртіншісі – өнерімен халықтың рухын асқақтатқан дарын. Олардың бәрін біріктіретін қасиет – туған елге деген адалдық. Сондықтан «Тұлғалар тұғыры» – бүгінгі ұрпаққа арналған тағылым кітабы. Ол бізге тарихты тұлғалар жасайтынын, ал тұлғаның шынайы биігін халықтың жады мен уақыттың әділ таразысы айқындайтынын ұғындырады.

Гүлгүл Төлешева,
«ЖӘҒ» кафедрасының
аға оқытушысы.



ӘКЕМЕ ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕДІМ...



Академик Манаш Қозыбаевтың ұлы Ілияс Манашұлымен сұхбаттасудың сәті түсіп, қазақтың біртуар перзентінің әкелік және отбасылық болмысын жақынырақ тануға мүмкіндік туды. Әңгіме барысында ол әкесінің отбасындағы орны, адамгершілік қасиеттері, еңбекқорлығы мен ғылымға деген адалдығы туралы сыр шертті. Шағын сұхбат арқылы Манаш Қозыбаевтың ғалым ретіндегі мол мұрасынан бөлек, мейірімді әке және парасатты адам ретіндегі тұлғалық келбеті де айқындала түсті.

– Ильяс Манашұлы, биыл әкеңіз Манаш Қозыбаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Перзенті ретінде мерейтойдың маңызын қалай бағалайсыз?

– Біз, ұрпақтары, мұндай жағдайларды басқаша қабылдаймыз. Әкеміз тірі болғанда, әрине, өзгеше болар еді. Оның өмірден озғанына 25 жылдай өтті. Сондықтан әкемнің құрметіне ұйымдастырылып жатқан кез-келген шара менің жүрегімде оған деген сағыныш сезімімді қозғап кетеді. Әкемізді көзі көрген адамдардың қатары да жыл өткен сайын сиреп барады. Солтүстік Қазақстан университетіне әкеміздің есімінің берілуін, университетте оның құрметіне осындай іс-шаралардың өткізілуі мен үшін ерекше қуаныш. Бұл әкемнің өмірі, атқарған еңбегі мен қалдырған мұрасы ұмытылмайтынының тағы бір дәлелі.

– Көпшілік Манаш Қозыбаевты көрнекті тарихшы, академик, ірі тұлға ретінде таниды. Ал әке ретінде ол қандай адам еді? Отбасындағы болмысы қандай болатын?

– Үйде әкемнің болмысы көп өзгере қоймайтын. Оның қалай жұмыс істегенін көріп өстім. Мамандығымыз бір болғандықтан, көптеген іс-шараға бірге қатыстық. Әріптестерін де жақсы білетінмін. Үйімізге әкемнің достары жиі келетін. Сондықтан оның достары арасындағы мінез-құлқын да көріп, жақсы таныдым деп айта аламын. Отбасында ол өте мейірімді адам болды. Ешқашан дауысын көтермейтін. Барлығын ақылмен түсіндіріп, балаларының ойы мен сезіміне ерекше мән беретін. Әрбір жағдайдың мәнін түсіндіріп немесе өзі үлгі көрсетіп жүретін. Сондықтан біз әкемізге қарап бой түзедік.

– Демек, үлгілі әке болған ғой. Әкеңізге қатысты балалық шағыңыздан қалған қандай ерекше естеліктеріңіз бар?

– Ес білгеннен білетінім – әкемнің еңбекқорлығы. 2001 жылға дейін ол уақытының 80–90 пайызын жұмысқа арнады. Жұмыстан келгеннен кейін де бос уақыты болса, сәл тынығып алып, еңбектерін жазуға отыратын. Арагідік уақытын жолдастарымен, әріптестерімен бөлісетін. Демалысқа шыққанда өзімен бірге бір-екі чемодан қағазы мен кітабын алып кететін әдеті бар. Шипажайда да, пойызда да жазатын. Тіпті төсегінің жанында үнемі қағазы мен қаламы жататын. Ол уақытты бос өткізбейтін. «Асығуым керек, ойлағандарымды жазып үлгеруім керек» деп сезінген сияқты. Өмірінің соңына дейін өте қарқынды жұмыс істеді.

Менің есімде қалған жайт – біздің үй келім-кетім кісіге толы болатын. Оның жанында үнемі екі-үш адам бірге жүретін. Достарын, әріптестерін, шәкірттерін үйге ертіп келуді ұнататын. Кейде көшеде бір адаммен танысса да, оны үйге шай ішуге шақырып келетін. Отбасымыз қонақжай болғандықтан, үйімізде таңертеңнен кешке дейін адам көп жүретін. Сәті түскен кезде әкелі-балалы болып оңаша отыратын кезіміз көбіне оның кабинеті болатын. Ол бір үстелде қағаздарын жазып отыратын, мен жанында отырып өз жұмысымды істейтінмін. Мен үшін ең ыстық естеліктердің бірі – осы. Сонымен қатар әкемнің адамдармен қалай қарым-қатынас жасағаны, қалай тіл табысқаны, қонақтармен қалай сөйлескені де есімде қалыпты. Соның бәрін мен үлкен тәрбие, үлкен өнеге деп санаймын.

– Тарих ғылымын таңдауыңызға әкеңіздің ықпалы қаншалықты болды? Ол сізге ақыл айтып, бағыт-бағдар көрсетті ме?

– Дұрыс айтасыз, ақылын айтып, жол көрсетті. Бірақ ешқашан зорлық немесе қысым болған жоқ. Алматыдағы алғашқы баспанамыз әкемнің жұмыс істейтін орнында болды. Бізге сол жерден бір бөлме берген еді. Сондықтан мен кішкентай кезімнен архивтің ішінде жүріп өстім. Әкемнің жұмысы маған бала күннен таныс. Оның араласқан ортасындағы адамдардың көбі ғалымдар еді. Сол себепті мен де ғылым жолын таңдауды ойладым. Әкем кейде әзілдеп «Егер әкесі өмір бойы ғылыммен айналысса, үйінде арнайы кітапхана болады, үйдегі әңгіме де ғылым мәселелеріне арналады», – дейтін. Сондықтан ғалымдардың ортасы маған бала кезімнен ыстық әрі жақын болды. Ақырында осы жолды өзім саналы түрде таңдадым.

– Біздің университет 2003 жылдан бері Манаш Қозыбаевтың есімін иеленіп келеді. Әкеңіздің атындағы университетке келген сайын қандай сезімде боласыз?

– Сыртта жүрсек те, университеттің сайтын күн сайын қарап отырамын. Жақсы жаңалықтарын естісем, қуанамын. Кейде айтатын ақыл-кеңесім немесе бөлісетін ойым болса, университет басшыларымен хабарласып, сөйлесіп тұрамын. Мүмкіндік болған сайын жолымды Солтүстік Қазақстанға, Петропавл қаласына бұруға тырысамын.

– Манаш Қозыбаевтың ғылыми еңбектері мол. Тарих ғылымына қызығып жүрген жастар мен студенттерге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Қазіргі уақытта заман өзгерді, жастардың мүмкіндіктері де көбейді. Сондықтан болашақ тарихшыларға, ең алдымен, әділдік жолын таңдап, шынайы тарихты жазуға кеңес берер едім.

– Сұхбатымызға алтын уақытыңызды бөлгеніңіз үшін көп рақмет! Алдағы уақытта сізге толағай табыс, амандық және жаңа ғылыми жетістіктер тілейміз.

– Сіздерге де көп рақмет!

Сұқбаттасқан
Севара Зияханова,
«ЖжӘҒ» кафедрасының
3-ші курс студенті.

МУЗЕЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – ҒҰМЫР АЙНАСЫ

Биыл көрнекті тарихшы ғалым, академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор, мемлекет және қоғам қайраткері Манаш Қозыбаевтың туғанына 95 жыл толып отыр. Бұл – қазақ тарих ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан, ұлттық тарихи сананың қалыптасуына айрықша еңбек сіңірген тұлғаның өмір жолына тағы бір мәрте үңіліп, оның ғылыми және рухани мұрасын кейінгі ұрпаққа танытатын маңызды белес.



Солтүстік Қазақстан университетінің тарихи музейінде сақталған ғалымның жеке заттары мен өмір жолынан сыр шертетін жәдігерлер – ұлы тұлғаның рухани әлемін танытатын баға жетпес мұра. Оның өнегелі өмірі мен өшпес мұрасын музей жәдігерлері арқылы тереңірек тануға болады.

Музейдегі әрбір жәдігердің өзіндік тарихы бар. Шыны сөрелерге қойылған жеке бұйымдары, көзілдірігі, жазу құралдары, дәптері, кітаптары, марапаттары мен естелік заттары ғалымның күнделікті өмірі мен шығармашылық ізденістерінен хабар береді. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл заттардың әрқайсысы – үлкен ғылыми еңбектің, терең ойдың, тынымсыз ізденістің куәсі.

Ғалымның жеке заттары қойылған музей экспозициясы келушілерге Манаш Қабашұлының тұлғалық болмысын жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Оның жұмыс үстелінде пайдаланған бұйымдары, көзілдірігі мен жазу құралдары ғылымға деген адалдығын, уақытты бағалай білген еңбекқорлығын көз алдымызға елестетеді. Ал кітаптары мен ғылыми еңбектері тарих ғылымына сіңірген өлшеусіз еңбегін айғақтайды.

Экспозициядағы ерекше назар аударарлық жәдігерлердің қатарында ғалымның портреті, «KAZGOP» Жобалау академиясының құрметті академигі дипломы, сыйға тартылған шапаны мен бас киімі, сондай-ақ «Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің құрметті профессоры» және «Қостанай қаласының құрметті азаматы» атақтарын растайтын құжаттар бар. Олар Манаш Қозыбаевтың ғылымдағы биік мәртебесін, ел алдындағы абыройын және саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнағанын көрсетеді. Бұл жәдігерлер – бір адамның өмірбаянын ғана емес, тұтас бір дәуірдің ғылыми шежіресін танытатын құндылықтар.

Манаш Қозыбаевтың есімі қашанда Қазақстан тарихымен бірге аталады. Ол ұлттық тарихты жаңа көзқараспен зерделеуге, тарихи оқиғаларға әділ баға беруге, халқымыздың өткенін ғылыми тұрғыдан терең зерттеуге зор үлес қосты. Ғалымның ғылыми мұрасы бүгінгі зерттеушілер мен жас ұрпақ үшін маңызын жойған жоқ.

Кітаптар – ғалымның рухани әлемінің айнасы. Музей экспозициясында ерекше орын алатын құнды жәдігерлердің арасында оның ғылыми еңбектері мен кітаптары бар. Кітап – ғалымның ой әлеміне бастайтын жол, ал оның жазған еңбектері – тарих алдындағы азаматтық жауапкершілігінің шежіресі.

Манаш Қозыбаевтың ғылыми мұрасы Қазақстан тарихының күрделі кезеңдерін зерделеуге, халқымыздың өткенін жаңаша пайымдауға және тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беруге бағытталған. Оның «Казахстан – арсенал фронта», «Ұлы ерлік» және басқа да еңбектері тарих ғылымында өзіндік орын алады.

Музейдегі кітаптар мен ғылыми басылымдар – ғалымның саналы ғұмырының, ғылыми ізденісінің және ел тарихына деген шексіз құрметінің белгісі. Бұл кітаптармен танысқан жас ұрпақ ғалымның зерттеушілік еңбегін ғана емес, оның білімге деген құштарлығын да танып, ізденіс пен еңбектің қадірін түсінеді.

Ұлы тұлғаның өмір жолын сөз еткенде оның отбасы мен өмірлік серігін айналып өту мүмкін емес. Манаш Қабашұлының өмірінде жары Сара Пішенбайқызының орны ерекше. Ол – отбасының берекесі мен ұйытқысы болған асыл жан.

Ғылым жолы – қиын жол. Ол үлкен ізденісті, төзімділікті, уақыт пен күшті талап етеді. Манаш Қабашұлының осы жолда алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасап, шаңырақтың жылуы мен бірлік-берекесін сақтап, бала тәрбиесімен айналысқан Сара апайымыз еді. Музей экспозициясындағы отбасылық фотосуреттер шаңырақтағы адами жылылық пен өзара сыйластықты сезіндіреді. Фотожәдігерлер академик ағамыздың адал жар, қамқор әке болғанын еске салады.

(Соңы 6-бетте)

МУЗЕЙ ЖӘДІГЕРЛЕРІ – ҒҰМЫР АЙНАСЫ

(Басы 5-бетте)

Бүгінде Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің музейі ғалымның өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын, оның ғылыми мұрасын жас ұрпаққа танытатын маңызды мәдени-ағартушылық орталық болып табылады. Бұл жәдігерлерден ғалымның тағдыры, еңбек жолы мен азаматтық ұстанымы танылады. Өйткені музейдегі әрбір бұйым – өткен күннен жеткен үнсіз шежіре. Ол келушіні ойландырады, ізденуге жетелейді, тарихи жадыны жаңғыртады.





М. Қозыбаевтың ұлағатты ұстаздық еңбегі, мәдениеттілігі мен биік адамгершілік қасиеттері бізге де, кейінгі жас ұрпаққа да әрдайым үлгі болатыны анық. Осындай парасатты, қасиетті ағамыздың есімімен Солтүстік Қазақстан университетінің аталуы – біз үшін үлкен мақтаныш. Әлемге танымал ғалымның есімі университетімізге 2003 жылы берілді. Оның жарқын бейнесі халық жадында мәңгі сақталмақ.

Ғалымның өзі жырмен өрнектегендей:

Мен келемін, мен келемін асығып,
Қалам ба деп орта жолда шашылып.
Берерімді елге беріп, халыққа,
Кеткім келеді толығынан ашылып.

Уақыт өтеді, ұрпақ жаңарады. Бірақ ұлтқа қызмет еткен ұлы тұлғалардың ізі өшпейді. Музейдегі әрбір жәдігер – Манаш Қозыбаевтың жарқын бейнесін бүгінгі ұрпақпен жалғап тұрған алтын көпір екені сөзсіз...

Ботагөз Қожабекова,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ тарихи музейінің жетекшісі, ғылым магистрі.

В KOZYBAYEV UNIVERSITY ОБСУДИЛИ НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ МАНАША КОЗЫБАЕВА

Вклад академика Манаша Козыбаева в изучение истории Казахстана, его исследования движения «Алаш» и Великой Отечественной войны стали главными темами круглого стола, состоявшегося в Kozybayev University.



Мероприятие под названием «Тарихын таныған ұрпақ – ел болашағы» объединило студентов, магистрантов и представителей университетского сообщества. Его главной задачей стало сохранение и популяризация научного наследия выдающегося ученого-историка, а также знакомство молодого поколения с его вкладом в восстановление исторической правды.

Участники встречи обсудили жизненный путь и научную деятельность Манаша Кабашевича, уделив особое внимание его исследованиям наиболее сложных и недостаточно изученных страниц отечественной истории. В частности, речь шла о трудах академика, посвященных движению «Алаш», истории Великой Отечественной войны и возвращению в научный оборот ранее малоизвестных исторических фактов.

Отдельно была отмечена значимость архивных документов и их взаимосвязь с народной памятью. Именно работа с историческими источниками позволяла ученому восстанавливать целостную картину прошлого и противостоять искажению исторических событий.

Свои доклады представили студенты и магистранты университета. Они рассказали о личности академика, историческом контексте его научной деятельности и значении архивных материалов для изучения прошлого страны.

Подобные встречи помогают не только расширять исторический кругозор молодежи, но и сохранять преемственность поколений. Научное наследие Манаша Козыбаева остается важной основой для осмысления истории Казахстана, укрепления исторической памяти и формирования гражданской ответственности.

Роман Битюков



СЛЕДУЯ ЗАВЕТАМ МАНАША!

Наш вуз с гордостью несет имя выдающегося академика. Это большая ответственность. Имя Манаша Козыбаева сегодня синонимично самому слову НАУКА. Поэтому научные изыскания - одна из главных задач Kozybayev University. Перед вами дайджест последних достижений нашего вуза!

ПРОЧНЫЙ АСФАЛЬТ ИЗ... ОТХОДОВ

Учёные Kozybayev University разработали технологию модификации дорожного битума с использованием промышленного вторичного сырья. Разработка позволяет повысить прочность и водостойкость асфальтобетона, одновременно сокращая количество производственных отходов.



Исследования проводились в 2023–2025 годах при грантовой поддержке Министерства науки и высшего образования РК. Научную команду возглавила кандидат химических наук, профессор Антонина Дюрягина.

Лабораторные испытания показали, что новый асфальтобетон впитывает на 35% меньше воды, а его прочность после водонасыщения почти на 50% выше, чем у обычных образцов.

Технологию уже проверили на практике: на асфальтобетонном заводе изготовили 40 тонн модифицированного битума, который использовали при укладке опытного 200-метрового участка дороги Каракога – Петропавловск. Теперь специалистам предстоит оценить состояние покрытия после осенне-зимнего и весеннего периодов, чтобы определить его долговечность в реальных климатических условиях.

По расчётам исследователей, при переработке 10 тысяч тонн битума ежегодно можно повторно использовать до 10 тонн вторичного сырья. В случае подтверждения эффективности разработку смогут масштабировать для применения на автомобильных дорогах Казахстана.

BIOSTART: ПЕРВОКУРСНИКОВ ПОЗНАКОМИЛИ С МИРОМ БИОТЕХНОЛОГИИ

В Kozybayev University прошло научно-просветительское мероприятие BioStart, организованное студенческим научным обществом BioTech Alliance в рамках 95-летия академика Манаша Козыбаева.

Первокурсникам рассказали о перспективах биотехнологии в медицине, сельском хозяйстве, пищевой промышленности и экологии, а также возможностях международных стажировок, академической мобильности и участия в научных проектах.

Собственным опытом поделились студенты второго и третьего курсов, рассказав об исследовательской работе, конференциях, конкурсах и университетских инициативах. Участники также прошли научный квест, позволивший проверить знания и проявить командные навыки.

Как отметила ассоциированный профессор Международного кампуса Юлия Бызова, BioTech Alliance приглашает студентов присоединяться к научному обществу и заниматься исследованиями уже с первого курса.

BioStart стал площадкой для знакомства начинающих биотехнологов с наукой, обмена опытом и вовлечения первокурсников в исследовательскую деятельность.



KOZYBAYEV UNIVERSITY ПОДНЯЛСЯ НА 22 ПОЗИЦИИ В АЗИАТСКОМ РЕЙТИНГЕ QS

Kozybayev University улучшил свои позиции в международном рейтинге QS World University Rankings: Asia 2027, заняв 536 место среди 1722 университетов Азии. Среди 51 вуза Казахстана университет расположился на 20-й строчке.

По сравнению с предыдущим годом вуз поднялся сразу на 22 позиции в общем рейтинге (с 558-го места), с 22-го на 20-е среди казахстанских университетов и с 34-го на 33-е среди вузов Центральной Азии. Положительная динамика достигнута на фоне усиления конкуренции: количество участников рейтинга выросло на 196 университетов, а представительство Казахстана увеличилось с 44 до 51 вуза.

Наиболее высокие результаты Kozybayev University продемонстрировал по показателям академической репутации, признания работодателями, привлечения иностранных преподавателей и студентов, а также международной студенческой мобильности.

Рейтинг QS оценивает университеты по качеству образования и научной деятельности, репутации и уровню интернационализации. Улучшение позиций отражает укрепление международного авторитета университета и его конкурентоспособности на образовательном пространстве Азии.

«ПАРАСАТ»
газеті
МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы.
БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ
тарих, экономика және құқық факультетінің
«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы.
БАС РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.
РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,
№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.
Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы
№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 50 дана.
Тапсырыс №240.

1 азета
«ПАРАСАТ»
СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени
Манаша Козыбаева».
ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика и социальные науки»
факультета истории, экономики и права НАО
«СКУ им. М. Козыбаева».
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.
АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город
Петропавловск, улица Магжана Жумабаева,
дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат»,
parasatmedia.ku@gmail.com.
Свидетельство о постановке на переучёт
№KZ73VPY00042947 выдано Министерством
информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж 50 экземпляров.
Заказ №240.

ЕРЛАН КОШАНОВ ПОСЕТИЛ KOZYBAYEV UNIVERSITY

Председатель Қазақстан Халық Кеңесі Ерлан Кошанов в рамках рабочей поездки в Северо-Казахстанскую область принял участие в Республиканском молодежном лагере «Ұлттың жаңа болмысы: жастар және азаматтық жауапкершілік» в Петропавловске.



На встрече обсуждались президентские реформы, развитие человеческого капитала и участие молодежи в общественной жизни страны. Ерлан Кошанов подчеркнул, что молодое поколение должно стать активным участником преобразований. Одной из инициатив стало создание молодежного движения «Халық Кеңесі». Председатель поддержал предложение, отметив необходимость превратить его в действующую площадку для реализации молодежных идей.

В ходе визита делегация посетила Kozybayev University, где ознакомилась с международными образовательными и научными проектами. В частности, гостям представили программу двойного диплома с Университетом Аризоны: в июле ее первыми выпускниками стали 30 студентов. Один из них, Амир Агзамов, получил звание «Лучший выпускник года».

Также делегации показали аграрные лаборатории, созданные совместно с китайским университетом, и проект будущего аграрного технопарка с Henan Agricultural Invest Group. На участке площадью 60 гектаров планируется развивать растениеводство, селекционные исследования и современные агротехнологии.

Ерлан Кошанов ознакомился и с разработками ученых и студентов: технологиями очистки водоемов, улучшения дорожных покрытий, переработки пластиковых отходов, медицинскими приборами, археологическими находками и IT-проектами. Гостям также представили Центр искусственного интеллекта и цифровой трансформации и Tomorrow School.

Завершился визит общением со студентами, обучающимися по совместным образовательным программам. Молодые люди поделились своими планами и рассказали о возможностях, которые открывает международное образование.

Қымбатты оқырмандар!
Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті
мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.
Дорогие читатели!
Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем
вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся
людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.